

Қызылорда облыстық білім бөлімінің білім басқармасының Арал ауданды
бойынша «227 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2024 жылдың 01 ақпан күні «Мектептің өзін-өзі бақылауды өткізу туралы»
кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы № 4

Қатысуға тиісті: 26 (мұғалімдер + теңестірілген педагогтер)

Қатысқаны : 26

Дәлелді :

Дәлелсіз : жоқ

Күн тәртібінде : 1. Мектептің өзін-өзі бағалауды өткізу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Б.С. Жұбаназаров педагогикалық кеңесті ашып, мектептің мемлекеттік аттестаттау жұмыстары өтілетіндігін айта келе, 2023 жылғы 15 желтоқсан күнгі №133/4 бұйрықпен таныстырды. Сонымен қатар мектептің өзін-өзі бағалауды жүргізуге негіз болатын нормативтік құжаттарды атап өтті:

- 1) Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы»;
- 2) Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау олшем шарттарын бекіту туралы»;
- 3) Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауы, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы бұйрығы»;
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы бұйрығы»;
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысының «Қызылорда облысы бойынша 2024 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі» 2023 жылғы 07 қараша №545/4 бұйрығы.

Мектептің өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында құрылған арнайы комиссия өз жұмысын жауапкершілікпен орындау қажеттілігіне, оқу – тәрбие үрдісіндегі жүргізілген жұмыстардың мәліметтерімен толықтай қамтамасыз ету шараларына тоқталды. Және сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге жол бермеу, ақшалай жиын –